

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



IX Астана экономикалық форумы аясындағы  
**«ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАҢА ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ –  
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІНІҢ ДРАЙВЕРІ»**  
жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының  
**ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

**I БӨЛІМ**

25 мамыр 2016 ж.

**СБОРНИК ТРУДОВ**

международной научной конференции молодых ученых  
**«НОВАЯ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ КАК ДРАЙВЕР ЭКОНОМИЧЕСКОГО  
РОСТА В КАЗАХСТАНЕ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ»**  
под эгидой IX Астанинского экономического форума

**ЧАСТЬ I**

25мая 2016 г.

**PROCEEDINGS**

of the international scientific conference of young scholars  
**«NEW INDUSTRIALIZATION AS A DRIVER OF ECONOMIC  
GROWTH IN KAZAKHSTAN IN TERMS OF GLOBALIZATION»**  
in the framework of the IX Astana Economic Forum

**PART I**

25 may 2016

Астана, Қазақстан  
Astana, Kazakhstan

УДК 338.28(574)(06)  
ББК 65.9(5Қаз)-І 551я431  
Ж 28

**Редакционная коллегия:**

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,  
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.  
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.  
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.  
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.  
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н, доцент Алибекова Б.А.  
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.  
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н., доцент  
Бабланов Т.К., к.э.н., и.о. доцента Ауелбекова А.К.

**Ж28 Жаһандану жағдайында жаңа индустриаландыру – Қазақстанның экономикалық өсуінің драйвері:** Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф.еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016.

**Новая индустриализация как драйвер экономического роста в Казахстане в условиях глобализации:** Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «**New industrialization as a driver of economic growth in Kazakhstan in condition of globalization**» Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2016.

**ISBN 978-9965-31-762-0**

**ISBN 978-9965-31-762-0**

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында жаһандану жағдайындағы жаңа индустриаландыру мен экономикалық өсудің өзекті мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы новой индустриализации и экономического роста в условиях глобализации.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of the new industrialization and economic growth in globalization.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

УДК 338.28(574)(06)

ББК 65.9(5Қаз)-551я431

тиімділікке қол жеткізуге мүмкіндік береді және әлеуметтік-экономикалық үдерістерде түрленуіне себепші болды [8].

Туризм көршілес мемлекеттердің тұрғындарының мәдени бірігуіне, іскерлік қатынастарына жәрдемдесе отырып, біріктіру функциясында маңызды рөл атқара алады. Соңында, шекаралық аудандарда туризм көрші мемлекеттерге шекаралық территория тұрғындарының саяхаты жағынан шекаралық қатынас түріне ие болады.

#### Әдебиеттер:

1. Шығыс Қазақстан облысының туризм және сыртқы байланыстар басқармасының сайты [tourism-vs.vko.gov.kz](http://tourism-vs.vko.gov.kz)
2. Грибова С.Н. Развитие приграничных регионов России: методология и практика.- Автореф ... докт. экон. наук. - Улан-Удэ, 2011.
3. Божко Л.Л. Теоретико-методологические основы исследования процессов экономического развития приграничных территорий. - Автореф ... докт. экон. Наук. – Екатеринбург, 2011.
4. Руднева О.С. Сравнительный геоэкологический анализ приграничных районов Оренбургской области и Республики Башкортостан. - Автореф ... докт. географ. наук. – Астрахань, 2008.
5. Чекалина Т.Н. Развитие и пространственная дифференциация трансграничного сотрудничества в Балтийском регионе. - Автореф ... канд. географ. наук. - Калининград. 2007
6. Черномаз П.А. Еврорегион «Слобожанщина»: становление и роль в развитии украинско-российского трансграничного сотрудничества // Черномаз П.А. Еврорегион «Слобожанщина»: становление и роль в развитии украинско-российского трансграничного сотрудничества // Междисциплинарные исследования в науке и образовании. – 2012. – № 1 Sp; URL: [www.es.rae.ru/mino/157-467](http://www.es.rae.ru/mino/157-467) (дата обращения: 11.04.2013).
7. Немирова Г.И. Социально-экономическое развитие приграничного региона: особенности и финансовое обеспечение. - Автореф ... докт. экон. наук. – Оренбург, 2009.
8. Қатон-Қарағай ауданындағы туристік кластерді дамыту туралы //Шығыс Қазақстан облысы Қатон-Қарағай ауданының әкімдігінің ресми сайты <http://katon-karagay.vko.gov.kz>

### АЙМАҚТАҒЫ ТУРИСТІК ЖӘНЕ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ИМИДЖДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МЕН ЖЫЛЖЫТУ ЖОЛДАРЫ

*Мизанбаева С. Д., Баймбетова А.Б.*

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Астана қ., Қазақстан Республикасы  
e-mail: [sima\\_dauletkyzy@mail.ru](mailto:sima_dauletkyzy@mail.ru)

Қазіргі уақытта туризм – экономика саласының ең ірі перспективасының бірі болғандықтан, республикалық және аймақтағы туристік әлеутті көтеру басты мақсат.

Аймақтағы туристік инвестициялық имиджді қалыптастыру – ел экономикасының негізгі тіреуіш құралдарының бірі болып табылады. Себебі, әр аймақ өзінің мүмкіншіліктерін пайдалана отырып, оны игеруге және де одан барынша көп пайда түсіруге бағытталады. Еуропалық өркениет пен сәулет өнерінің түрлі кезеңдерінің ескерткіштері сақталған Европа қалалары, Мальдив Республикасы, Куба мемлекеті және т.б. елдерде аймақтық туристік имиджді қалыптастыру тәжірибесі бар. Мысалы, 90-жылдардан бастап, Малайзияны дамытудың бесжылдық экономикалық жоспарларында туризм маңызды орын алып келеді. Осы жоспарлар аясында салық жеңілдіктерін беру (түсімге салықтан босату немесе қонақ үйлерді және басқа туристік объектілерді кеңейту және жетілдіруге арналған кері инвестицияландырудағы жеңілдіктер; импорттық баждардан толық босату) арқылы аймақтық, ауылшаруашылық, экологиялық, круиздік және туризмнің басқа да түрлерін дамыту үшін стратегия қалыптастырылады.

Сонымен қатар, Мексика Құрама Штаттары 70-жылдары Үкіметпен туризмді дамытудың ұлттық қоры – INFRATUR құрылған болатын, ол туризм инфрақұрылымын, әлеуетін дамыту қоры FONATUR және туризмге кепіл беру және қозғалту қоры FOGATUR қорларын біріктіру базасында құрылды. FONATUR-дың негізгі міндеті аймақтардығы Канкун, Инкара, Лос-Кабос, Хаутулько және Лорето сияқты бес ірі жағалау курорттық аймағын «нөлден» бастап дамыту болып табылды. Аталған курорттарды дамыту мақсатында FONATUR қарыз қаражаттарын және жеке инвесторларды тарту, қала салу және өңірлік жоспарлау мәселелерінде ғана емес, сонымен қатар жер меншігі мен меншік нарығының мәселелерінде де басшылық рольді өзіне алады. Қазіргі кезде FONATUR алынған нәтижелерін есепке ала отырып, өзіне курорттарды дамыту үрдісіндегі жанама ролді қабылдады және негізгі жігерді мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті дамытуға бағыттады. Осылайша, халықаралық тәжірибе туризмді дамытуды инфрақұрылымдық, әлеуеттің қамтамасыз етуде атқарушы биліктің белсенді ролі сәттіліктің елеулі факторларының бірі болып табылады.

Аймақтық туризм тарихи-мәдени ескерткіштердің табиғат ресурстарымен үйлесімділігін ұтымды пайдалануды, туристік халықтың орналасу деңгейінің жоғарлауын, көптеген тауар мен қызмет өндірісінің өсуін қамтамасыз етеді.

Елімізде аймақтық туризмді дамыту үшін мемлекет тарапынан қолдаулар жеткілікті. Жергілікті жердің дамуы үшін бөлінетін бюджет қаражаты, сол сияқты инвесторлардың сол аймаққа капитал салу мүмкіншілігі, сонымен қатар start up жастарды қолдап, шағын және орта кәсіпкерлікті ашуға жол бар. Сондықтан, Қазақстанның барлық аймақтарын брендке айналдырудың тұжырымдамасы бар. Ол бес кластер арқылы қарастырылады. Кластер негізгілерінің бірі – Оңтүстік Қазақстан облысының мәдени-тарихи бағытын дамыта отырып, туристерді тарту арқылы аймақтық брендті дама отырып, туристік имиджді қалыптастыруға болады.

Оңтүстік Қазақстан облысы ЮНЕСКО-ның қайта өркендету бағдарламасына енген Ұлы Жібек жолының мемориялдық трассасында орналасқан. Облыс шекарасында 837 – археологиялық ескерткіштер, 155 - құрылыс және архитектуралар, 5 - тарихи, 7 - монументалдық қол өнерлер анықталып есепке алынған. Аймақта тарихи орталықтарды қайта өркендету және туризм инфрақұрылымын дамыту, мәдени, әлеуметтік-экономикалық мәселелерді кешендік шешуге мүмкіндік береді. Облыстағы тарихи-мәдени ескерткіштердің кейбіреулері әлемдік тарихта жоғары бағаланып, ЮНЕСКО-ның құрамына енген. Облыс біздің мемлекетіміздің қалалық мәдениетінің бесігі болып есептеледі [1].

Қазақстан қазіргі таңда туризмнің барлық түрлерін ұсынады - танымдық, ойын-сауық, этникалық, экологиялық және т.б. туристерге Қазақстан территориясы бойынша үлкен көлемді саяхаттау маршруттарын ұсынады. Мысалы, Оңтүстік қазақстан облысын алайық, оңтүстік шырайлы даласы, көшпенділер тоғысқан жерлерінде және әлемнің ежелгі қалалары болған. Ғасырлар бойы бұл жерден ежелгі керуен жолдары Қытайдан бастап Таяу Шығыс және Еуропа елдеріне өткен.

Ұлы Жібек Жолы б.э.д. 3 ғасыр сауда жолы болған. Сол жерлерде өзінің керемет тарихи, археологиялық және архитектуралық ескерткіштерін, сонымен қатар, қалалардың салынуы мен жоспарлау тәжірибесін жүзеге асырғалы отыр. Сондай қалалар: Алматы, Тараз, Отырар, Сайрам, Сығанақ, Сауран, Созақ, Түркістан және Қызылорда тек сауда орны ғана емес, сонымен қатар ғылым және мәдениет орталықтары. «Қожа Ахмет Яссауи» кесенесі ғажайып біртума сәулет өнері, 14 ғасыр соңы мен 15 ғасыр басына жатады және Ұлы Темірланның бұйрығы бойынша салынған. «Айша Бибі» және «Бабаджи-Хатун» (10-12 ғасыр) кесенесі, Тараз қаласындағы «Қарахан» және «Даулбек» кесенелері, мешіттер және басқада көптеген әулиелі жерлер саяхатшыларды бұрынғы ғасыр атмосферасын сезінуге болады.

Аймақтық туристік имиджді қалыптастыру үшін халықаралық стандартқа сай туристік қызмет өндірісі бойынша өзіміздің дамыған индустриямызды қалыптастыру қажет. Мысалы, Шымкент қаласында халықаралық стандартпен жұмыс істейтін «Rixos Khadisha

Shymkent» бес жұлдызды қонақ үйі; Жамбыл қаласында «Тараз-Арена» спорт сарайы бар. Алайда бұл жеткіліксіз. Туризмді дамыту және аймақтық туристік имиджді қалыптастыру үшін халықаралық, ұлттық стандарттың заман талабына сәйкес іске асуын қадағалау керек.

Келесі бір қарастырылатын мәсіле, аймақтық бренд немесе имиджді қалыптастыруда кәсіби кадрларды даярлау. Туристер үшін аймақтың тарихы, мәдениеті, даму үрдісімен танысу аса маңызды. Осыған байланысты аймақта кәсіби экскурсовод-гидтердің жетіспеушілігі байқалады [2].

Оңтүстік аймақтарда бұдан басқа, аймақтық климаттық жағдайы ауыл шаруашылығын дамытуға қолайлы. Бұл саланың құрылымында, негізгі өнім түрлері мақта, дәнді дақылдар, көкөніс және бақша дақылдары болып табылатын, өсімдік шаруашылығының үлес салмағы – 54,3 пайыз. Ауылшаруашылығының жалпы өнім көлемінде 45,7 пайыз мал шаруашылығына тиесілі. Мал шаруашылығында ет, сүт және жұмыртқа өндіру негізгі орынды алады. Бұл өнімде туристерге маңызды ұлттық өнімдерімізді ұсына алатын шаруа қожалықтар көптеп кездеседі. Атап айтсақ, Төле би ауданында «Фудмастер-Шымкент» компаниясы – сүт өнімдерін, «Ақмаржан» акционерлік қоғамы – ұн, жем, нан өнімдерін шығарады; Сарыағаш ауданы «Алекс» ЖШС – минералды су құю өндірісі, «АВК Капланбек» АШК – жоғары сапалы шарап өнімдері ұсына алады.

Сонымен, аймақтық брендті қалыптастыру жолдары:

1. Түркістан қаласының ғажайып сәулет өнерін жоғары деңгейде таныстырып, көрсету.
2. ЭКСПО – 2017 кезінде туристерді аймақтарға тарту.
3. Ғарыш туризмін дамыту арқылы туристерді тарту.
4. Аймақтардың табиғатын көрсете алатындай жарнаманы жетілдіру. Яғни, жарнаманы кино, бейне фильмдер ретінде және әлемдік, ұлттық журналдарда жариялау.
5. Аймақтарда өндірілетін ұлттық өнімдерімізді ұсыну.

Бүгінгі таңда туризм саласы ең тиімді табыс көзі болып табылатыны, экономикалық негізгі және динамикалық салалардың бірі екені көпшілікке мәлім. Кейбір деректерге қарағанда дүние жүзі бойынша туризмнен түсетін табыс мұнайдан түсетін табыстан кейін екінші орын алады екен. Көптеген елде туризм жалпы ұлттық өнімнің артуына, қоғамды жаңа жұмыс орындарымен қамтамасыз етуіне, сыртқы сауда байланысының белсендірілуіне өте үлкен ықпал етеді.

Оңтүстік аймақта туризм саласы бойынша кәсіпкерлер қызметін қарқынды дамытып келе жатқан сала, сондықтан да, берілген бағыт өзінің одан әрі дамуын және мемлекет тарапынан қолдау көрсетуді қажет етеді.

Шетелдік туристтерді қызықтыру жағынан әлеуетті бағыттар деп «Ұлы Жібек жолы», «Байқоңыр» космодромы, Түркістан, және тағы басқа құндылықтарымызды көрсете аламыз.

Мемлекет тарапынан ұсынылып, жүзеге асырылып жатқа. Бағдарлама, концепциялардың басты мақсаты - қазақстандық және шетелдік азаматтардың әр түрлі туристік қызметтерге қажеттілігін қанағаттандыру үшін кең мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін, қазіргі заманғы тиімділігі жоғары және бәсекеге қабілетті туристік кешендерді құру, саланы дамытудың экономикалық және құқықтық тетіктерін әзірлеу әрі Қазақстанның туристік өнімінің сапасын қамтамасыз ету жөнінде мемлекеттік деңгейдегі шараларды іске асыру.

Бұл бағдарламалар мен концепциялардың негізгі бағыттарының бірі аймақтық туристік әлеуетті жоғарылату үшін, басымды бәсекелестікті қалыптастыру:

- аймақтың бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатуды рационалды ресурсты базаны пайдалану есебінен және жаңа технологияларды пайдалану;
- Интеграция механизмін ендіру есебінен сапаны жоғарылату мен шығындарды азайты;
- аймақтағы жергілікті тұрғындардың жұмысбастылығын жоғарылату;
- аймақтық экономикалық жүйе субъектілерің қызығушылығын ынталандыру және

т.б.;

- Аймақтың бәсекеге қабілетті басымдықтарды қалыптастыру жағдайына;
- салалық дамуды жоғарылату;
- аймақтық экономикалық салалардың басымдылықтарында инвестиция көлемін жоғарылату;
- аймақта инновациялық технологиялардағы өндірістік құрылымдардың деңгейін жоғарылату;
- аймақтық экономикалық үрдістерді оңтайландыру мен олардың біріктірілуін жоғарылату;
- аймақта көрсетілетін туристік қызмет пен өнімнің ішкі және сыртқы сұранысын жоғарылату.

Осыдан барып, аймақтағы бәсекеге қабілетті басымдықтар аймақтағы туристік қызметтердің сапасы мен ұсынылатын қызметтердің маңыздылығының жиынтығынан бағалауға негіз бола алады.

Аймақтағы бәсекеге қабілетті көрсеткіштерді негізгі және қосымша ретінде қарастыруға болады. Негізгі көрсеткіштер пайдаланудағы қызметтердің сипаттамасы мен өндірістік күштерді қарастырса, қосымша көрсеткіштер аймақтағы экономиканың бәсекеге қабілеттілігін қарастыратын болады.

Аймақтағы бәсекеге қабілеттілігін талдау жиынтығы шектеу болатын факторлар мен шығындар көлемін анықтауға мүмкіндік береді. Аймақтағы бәсекеге қабілеттіліктің қосымша индекстерінің саны бағалауға қажетті толық қанды ақпараттарды беретін болады.

Көп жағдайда аймақтағы бәсекеге қабілеттілікті бағалау үшін, 0 ден 1 дейінгі көрсеткіштер мәні пайдаланылады. Аймақтағы бәсекеге қабілеттілік көрсеткіштерінің жиынтығы бәсеке позицияларының ұйымдастырылуында, сонымен қатар критерияның жиынтығы түрінде ұсына алатын, жергіздікті тұрғындардың саны мен өндіріс құралдарының құрамынан құралады (кесте 1).

## Кесте 1

### Аймақтағы бәсекеге қабілеттілік критерийлері

<i>Аймақтың экономикалық әлеуетінің критерийлері</i>	Тұрғындардың экономикалық белсенділіктерінің саны, мың адам	Экономикалық қызметтер түріне қарай жұмысшылар санының орташа тізбегі, мың.тг.	Экономика салалары бойынша негізгі қорлардың тозу деңгейі, млн. тг.
<i>Аймақтың тиімділік критерийлері</i>	Тұрғындардың экономикалық белсенділік бірліктеріне аймақтық жалпы өнімі, мың тг./адам	Тұрғындардың жұмыспен қамтылу бірлігіне экономикалық қызметтер түрлерінің өндірістік қосымша өнім құны, мың.тг./адам	Негізгі қордың тозу көлеміне аймақтық өнімнің қатынасының өндірістік өнімі, тг.
<i>Бәсекеге қабілетті басымдықтарының критерийлері</i>	Тұрғындардың экономикалық белсенділік бірліктеріне негізгі қордың құны, мың тг.	Аймақтағы негізгі қордың жарамды коэффициенті, %	Негізгі капиталдағы инвестицияның физикалық көлем индексі

Аймақтық бәсекеге қабілетті көрсеткіштер құрылымы белгілі жүйедегі қатынастар мен аймақтық шынайылығын көрсетеді. Аймақтық бәсекеге қабілетті коэффициенттерін анықтау мен оның құрамы болып олардың қолжетімділігі мен түсінігін, талдауын анықтайды. Ең бастысы болып бұл жүйе бірегейлікті сақтауды талап етеді [3].

Қорытындылай келе, аймақ – бұл мемлекеттің бір бөлшегі болғандықтан, сол территориядағы бәсекеге қабілетті және әлеуметтік-экономикалық дамуды анықтайтын тарихи және танымдық факторлардың бар болуымен негізделеді. Аймақтағы бәсекеге қабілеттілікті арттыру негізінде туристік имиджді қалыптастыру мемлекеттік стратегия

міндеттерін ұстануды, әлеуметтік-экономикалық даму мен жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамту, табиғи-ресурсты мүмкіндіктерді жандандыруды қолға алу қажет.

#### Әдебиеттер:

1. Туризм в мире [Электронный ресурс]. Всемирная туристическая организация при ООН. – Режим доступа: [www.checkfelix.com](http://www.checkfelix.com)
2. Гельмле А.М. Концепция кластера, как основы обеспечения конкурентноспособности отраслей экономики /А.М.Гельмле // Транзитная экономика. - 2013. - №4 – С.14.
3. Попова А.И. Теоретико-методические основы конкурентного развития регионов // Материалы региональной научно-практической конференции «Актуальные проблемы экономики, образования и науки». – Кисловодск: филиал РИНХ, 2014.

### АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ МЕДИЦИНАЛЫҚ КЛАСТЕРІ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ МЕДИЦИНАЛЫҚ ТУРИЗМІ ОРТАЛЫҒЫ

*Отарбай А.Ф., Бержанова А.М.*

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті  
Астана қ., Қазақстан Республикасы  
E-mail: [aydokka.com@mail.ru](mailto:aydokka.com@mail.ru)

Денсаулық сақтау саласы медициналық көмек көрсету сабақтастығын, қолжетімділігін, уақытылығы мен сапалығын қамтамасыз етуге бағытталған, бірыңғай дамыған әлеуметтік-бейімделген жүйені ұсынатын, халық ауқаттылығының баянды және тұрақты өсуі тұрғысынан Қазақстан Республикасында негізгі және басым салаларының бірі болып саналады. Біздің еліміздің ежелгі Жібек жолының торабында орналасуы (халықаралық транзиттік кеңістікте «Батыс Еуропа – Батыс Қытай»), ТМД елдерінің бірыңғай орыстiлді кеңістігіне қатысуы және туристік әлеуеті медициналық туризмнің тартымды бағытына айналуына көмек береді.

Қазақстан Республикасында денсаулық сақтау саласын қаржыландару 10 жылдың ішінде 5 есеге артқан. 2014 жылы Республикалық бюджеттен денсаулық сақтау саласына 862 млрд теңге бөлінген (медициналық білім беруді қоса алғанда). 2012-2014 жылдардағы денсаулық сақтау саласының үш жылдық бюджеті 1 триллион 315 миллиард теңгені (1,315 трлн.теңге) құрады. Жыл сайын, медициналық құрал-жабдықтар алу үшін мемлекет 25-30 млрд теңгені инвестициялайды. Мемлекет дәрі-дәрмек нарығында ең негізгі сатып алушы болып табылады. 2014 жылы дәрі-дәрмек сатып алу үшін 4,2 млрд теңге Республикалық бюджеттен бөлінді. Салыстыру үшін, оның үлесі 2013 жылы жалпы көлемнің 45% құрады, ал жалпы көлемі 70 млрд.теңге [1].

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы сарапшыларының мәліметтері бойынша адам басына шаққандағы жалпы ішкі өнімнің мөлшері 1000 АҚШ долларға артқан жағдайда адамның өмір сүру деңгейінің орташа ұзақтығы 0,5 жылға артады, ал табыс 1000 АҚШ долларына артқан жағдайда – 1 жылға ұзарады. Қазіргі уақытта Еуропа мемлекеттерінде денсаулық сақтау бойынша қажеттілікке жұмсалатын шығындар ЖІӨ-нің 7-9%, ал АҚШ-та – шамамен 15% құрайды. Ресей Федерациясында – ЖІӨ-нің 3,5% құрайды. Денсаулық сақтау мақсатында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы қажетті көлемнің минималды мөлшерін ұсынады – дамыған мемлекеттердің бюджеттік қаржыландыруы барысында ЖІӨ-нің 6-8% және дамушы мемлекеттердің ЖІӨ-нің 5% бөлігі. Ал Қазақстанда 2014 жылғы мәліметтер бойынша бұл көрсеткіш 3,8% құрады [2].

2014 жылғы Harvard Medical International ұйымының зерттеу деректеріне сәйкес, жыл сайын қазақстандықтар шет елде емделуге шамамен 200 млн АҚШ долларын жұмсайды. Жиі бұл қызметтер кардиохирургия, нейрохирургия, ағза трансплантациясы, онкология және медицинаның басқа да салаларына қатысты болады [3]. Бұл осы қызмет көрсетулердің қол